

**Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзумен келтірілген зиянның орнын толтыру мөлшерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/158 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 сәуірде № 10929 тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 9-бабы 1-тармағының 46) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзумен келтірілген зиянның орнын толтыру мөлшері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*

*Ауыл шаруашылығы министрінің*

*міндетін атқарушы*

*С. Омаров*

**"КЕЛІСІЛГЕН"**

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі

\_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов

2015 жылғы "

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

міндетін атқарушысының

**Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзумен келтірілген зиянның орнын толтыру мөлшері**

**Ескерту. Мөлшері жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 18.09.2025 № 243-Ө (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

| №                      | Жабайы хайуанның атауы              | Зиянды өтеу ставкасының мөлшері айлық есептік көрсеткішпен (әрбір дарағы/әрбір килограммы үшін/ұясы үшін) |
|------------------------|-------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1                      | 2                                   | 3                                                                                                         |
| Жердегі сүт коректілер |                                     |                                                                                                           |
| 1                      | Құлжа* (арғалы, арқар, үстірт қойы) | 1500                                                                                                      |
| 2                      | Ілбіс*                              | 2000                                                                                                      |
| 3                      | Борсық                              | 10                                                                                                        |
| 4                      | Тиін                                | 5                                                                                                         |
| 5                      | Құндыз                              | 15                                                                                                        |
| 6                      | Қызыл қасқыр*                       | 600                                                                                                       |
| 7                      | Орта азия кәмшаты*                  | 400                                                                                                       |
| 8                      | Терістік кәмшаты                    | 10                                                                                                        |
| 9                      | Сусары                              | 10                                                                                                        |
| 10                     | Қабылан*                            | 2000                                                                                                      |
| 11                     | Ақкіс                               | 10                                                                                                        |
| 12                     | Қарақұйрық*                         | 400                                                                                                       |
| 13                     | Үнді жайрасы*                       | 200                                                                                                       |
| 14                     | Қара кірпі                          | 5                                                                                                         |
| 15                     | Қоян (ақ қоян, толай, ор қоян)      | 5                                                                                                         |
| 16                     | Доңыз                               | 250                                                                                                       |
| 17                     | Құдыр                               | 250                                                                                                       |
| 18                     | Қарақал*                            | 600                                                                                                       |
| 19                     | Құндыз жарғанаты                    | 100                                                                                                       |
| 20                     | Сібір тау текесі                    | 250                                                                                                       |
| 21                     | Сасық күзен                         | 10                                                                                                        |
| 22                     | Қарсақ                              | 5                                                                                                         |
| 23                     | Елік                                | 250                                                                                                       |
| 24                     | Шағыл мысығы*                       | 200                                                                                                       |
| 25                     | Ала аяқ мәлін                       | 5                                                                                                         |
| 26                     | Түрікмен құланы*                    | 2000                                                                                                      |
|                        |                                     |                                                                                                           |

|        |                                                                                                                            |     |
|--------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| 27     | Ақтөс* және орман* сусарысы                                                                                                | 200 |
| 28     | Ақ құлақ                                                                                                                   | 10  |
| 29     | Түлкі                                                                                                                      | 5   |
| 30     | Бұлан                                                                                                                      | 500 |
| 31     | Сабаншы*                                                                                                                   | 300 |
| 32     | Қоңыр аю                                                                                                                   | 200 |
| 33     | Тян-шань қоңыр аюы*                                                                                                        | 700 |
| 34     | Балжегіш аю*                                                                                                               | 600 |
| 35     | Американ күзені                                                                                                            | 10  |
| 36     | Еуропа күзені*                                                                                                             | 600 |
| 37     | Теңбіл бұғы*                                                                                                               | 700 |
| 38     | Бұғылар (теңбіл бұғыдан басқасы)                                                                                           | 200 |
| 39     | Су тышқан                                                                                                                  | 5   |
| 40     | Шұбар күзен*                                                                                                               | 200 |
| 41     | Ала жертесер                                                                                                               | 5   |
| 42     | Құну                                                                                                                       | 100 |
| 43     | Түркістан сілеусіні*                                                                                                       | 200 |
| 44     | Сілеусін (Түркістан сілеусінінен басқа)                                                                                    | 20  |
| 45     | Жолман*                                                                                                                    | 200 |
| 46     | Серке киік                                                                                                                 | 500 |
| 47     | Ұрғашы киік, төлі                                                                                                          | 350 |
| 48     | Бұрма ерінді жарқанат*                                                                                                     | 200 |
| 49     | Үлкен көртышқан*                                                                                                           | 200 |
| 50     | Жанат текті ит                                                                                                             | 10  |
| 51     | Бұлғын                                                                                                                     | 40  |
| 52     | Саршұнақ                                                                                                                   | 5   |
| 53     | Суырлар (байбақ, қызғылт, сұр)                                                                                             | 10  |
| 54     | Мензбир суыры*                                                                                                             | 400 |
| 55     | Балпақ-зорман                                                                                                              | 5   |
| 56     | Сасық күзен                                                                                                                | 5   |
| 57     | Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесі енгізілген сүтқоректілердің басқа да түрлері | 100 |
| 58     | Сүтқоректілердің басқа да түрлері                                                                                          | 5   |
| Құстар |                                                                                                                            |     |
| 59     | Қара ләйлек*                                                                                                               | 200 |
| 60     | Үлкен, кіші сукұзғын                                                                                                       | 1   |
| 61     | Ителгі*                                                                                                                    | 700 |
| 62     | Бүркіт*                                                                                                                    | 400 |
| 63     | Сақалтай*                                                                                                                  | 400 |
|        |                                                                                                                            |     |

|     |                                                      |     |
|-----|------------------------------------------------------|-----|
| 64  | Тарбақ шырғалақ*                                     | 200 |
| 65  | Тарбақ (үлкен және кіші)                             | 5   |
| 66  | Үлкен және кіші әуілдек                              | 5   |
| 67  | Қызыл және қара мамыққаз                             | 10  |
| 68  | Саңырау құр                                          | 10  |
| 69  | Құр                                                  | 5   |
| 70  | Күшіген (тазқара, ақбас, гималайлық күшіген)         | 10  |
| 71  | Қаздар (қутұмсық қаздан өзгесі)                      | 5   |
| 72  | Қутұмсық қаз*                                        | 600 |
| 73  | Тұрымтай                                             | 5   |
| 74  | Жек дуадақ*                                          | 700 |
| 75  | Дуадақ*                                              | 700 |
| 76  | Ақбас тырна*                                         | 100 |
| 77  | Сұр тырна*                                           | 200 |
| 78  | Жыланжегіш қыран*                                    | 400 |
| 79  | Қызыл жемсаулы қараша қаз*                           | 200 |
| 80  | Жамансары (кәдімгі, обалық, жұнаяқ қысқы, жамансары) | 10  |
| 81  | Қарабай*                                             | 100 |
| 82  | Бақылдауық                                           | 5   |
| 83  | Кекілік                                              | 5   |
| 84  | Қалбағай*                                            | 200 |
| 85  | Сұнқар*                                              | 200 |
| 86  | Тарғақ*                                              | 400 |
| 87  | Шалшықшы (кішісі және сүйір тұмсықтысы)*             | 200 |
| 88  | Шалшықшы (ірі және орта)                             | 5   |
| 89  | Құмай*                                               | 100 |
| 90  | Шіл                                                  | 5   |
| 91  | Сұңқылдақ аққу*, кішісі*                             | 400 |
| 92  | Сыбырлақ аққу                                        | 50  |
| 93  | Құлады (батпақ құладынынан басқасы)                  | 5   |
| 94  | Қасқалдақ                                            | 5   |
| 95  | Шыбыншы торғай*                                      | 100 |
| 96  | Бақалтақ қыран*                                      | 100 |
| 97  | Дала қыраны                                          | 20  |
| 98  | Жыртқыш қыран                                        | 20  |
| 99  | Аққұйрық субүркіт*, кезкұйрық субүркіт*              | 400 |
| 100 | Қызғылт бірқазан*, бұйра бірқазан *                  | 400 |
|     |                                                      |     |

|                         |                                                                                                                       |     |
|-------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| 101                     | Бөдене                                                                                                                | 5   |
| 102                     | Ақ құйрық қызғыш*                                                                                                     | 200 |
| 103                     | Сұқсыр                                                                                                                | 5   |
| 104                     | Шаңқылдақ қыран                                                                                                       | 10  |
| 105                     | Көккұс*                                                                                                               | 100 |
| 106                     | Ақбауыр бұлдырық, қарабауыр бұлдырық*                                                                                 | 200 |
| 107                     | Қарабауыр шіл                                                                                                         | 5   |
| 108                     | Убақ*                                                                                                                 | 100 |
| 109                     | Лашын*                                                                                                                | 600 |
| 110                     | Балықшы тұйғын*                                                                                                       | 600 |
| 111                     | Жапалақ, байғыз (үкіден басқа)                                                                                        | 5   |
| 112                     | Ақ тырна*                                                                                                             | 700 |
| 113                     | Алтай ұлары*                                                                                                          | 200 |
| 114                     | Гималай ұлары                                                                                                         | 10  |
| 115                     | Үйректер (Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесіне енгізілгенінен басқасы)     | 5   |
| 116                     | Қырғауыл                                                                                                              | 5   |
| 117                     | Үкі*                                                                                                                  | 200 |
| 118                     | Қокиказ*                                                                                                              | 400 |
| 119                     | Дара шағала*                                                                                                          | 200 |
| 120                     | Бидайық*                                                                                                              | 700 |
| 121                     | Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесіне енгізілген құстардың басқа да түрлері | 100 |
| 122                     | Басқа да құс түрлері                                                                                                  | 5   |
| Бауырымен жорғалаушылар |                                                                                                                       |     |
| 123                     | Сұр кесіртке                                                                                                          | 20  |
| 124                     | Сары қыран кесіртке                                                                                                   | 1   |
| 125                     | Шұбар батбат                                                                                                          | 1   |
| 126                     | Сары қыран әбжылан                                                                                                    | 1   |
| 127                     | Әбжыландар (қызылжолақты, жолақты және төртжолақтылар)                                                                | 1   |
| 128                     | Қара шұбар жылан, сарыбас жыландар, құмжыландар                                                                       | 1   |
| 129                     | Улы сұр жыландар                                                                                                      | 1   |
| 130                     | Қалқантұмсық жылан                                                                                                    | 2   |
| 131                     | Тасбақалар                                                                                                            | 2   |
|                         |                                                                                                                       |     |

|                  |                                                                                                                                           |     |
|------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| 132              | Бауырымен жорғалаушылардың ғылыми және ағартушылық маңызы бар басқа да түрлері                                                            | 1   |
| Қос мекенділер   |                                                                                                                                           |     |
| 133              | Жетісу бақатісі                                                                                                                           | 100 |
| 134              | Қосмекенділердің ғылыми маңызы бар басқа да түрлері                                                                                       | 1   |
| Жәндіктер        |                                                                                                                                           |     |
| 135              | Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесіне енгізілген қоңыздар мен көбелектер                        | 3   |
| 136              | Ғылыми және коллекциялық маңызы бар басқа қоңыздар мен көбелектер                                                                         | 0,5 |
| 137              | Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесіне енгізілген жарғаққанаттылар                               | 3   |
| 138              | Жабайы аралар (ұясы үшін)                                                                                                                 | 0,5 |
| 139              | Жәндіктердің ғылыми және коллекциялық маңызы бар басқа да түрлері                                                                         | 0,5 |
| Өрмекші тектілер |                                                                                                                                           |     |
| 140              | Қарақұрттар, шаяндар, эрезустер, тарантулдар, аргиопалар мен өрмекші тектілердің ғылыми және коллекциялық маңызы бар басқа да улы түрлері | 0,2 |

#### Ескертпелер:

\*1. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесіне енгізілген түрлерге жататын жануарлар, сондай-ақ ғылыми мақсаттарда пайдаланудан басқа, пайдалануға тыйым салынған түрлер:

әрбір заңсыз жойылған (бүлдірілген) жануарлардың мекен ететін ұясы, іні, апаны және басқа да баспаналары үшін келтірілген нұқсан он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өндіріп алынады;

әрбір заңсыз алынған (жойылған) жұмыртқа, сондай-ақ әрбір заңсыз алынған немесе жойылған сүт қоректілер аналығының ұрығы үшін жануарлардың осы түрінің ересек дарағы (аналығы) үшін келтірілген нұқсанды өтеу мөлшерінің 50 пайызы (айлық есептік көрсеткіштермен) өндіріп алынады;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 ақпандағы № 18-03/105 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10482 болып тіркелген) бекітілген Дериваттар тізбесіне сәйкес, әрбір заңсыз алынған немесе сатып алынған дериват үшін жануарлардың осы түрінің

ересек дарағы (аталығы немесе аналығы) үшін келтірілген нұқсанды өтеу мөлшерінің 100 пайызы (айлық есептік көрсеткіштермен) өндіріп алынады.

2. Басқа жануарлар түрлері:

Заңсыз алынған немесе сатып алынған әрбір дериват үшін, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 ақпандағы № 18-03/105 бұйрығымен бекітілген дериваттар тізбесіне сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10482 тіркелген), осы жануар түрінің ересек дарасы (еркегі немесе аналығы) үшін зиянды өтеу мөлшерінің 50 пайызы (айлық есептік көрсеткішпен) өтеледі.

3. Ірі мөлшер – экологиялық залалды жою немесе табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық мәні.

4. Аса ірі мөлшер – экологиялық залалды жою немесе табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық мәні.